ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

7 наурыз 2024 жыл №4712-24-00-2/471 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Маңғыстау облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"Центр адаптации "Әділет" мүгедектер қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Маңғыстау облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жауапкер "Центр адаптации "Әділет" мүгедектер қоғамдық бірлестігіне келтірген мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айып өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"Центр адаптации "Әділет" мүгедектер қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Центр адаптации "Әділет" мүгедектер қоғамдық бірлестігінен мемлекеттің пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Ш.Тленов

Анықтама.Шешім заңды күшіне 19.04.2024 жылы енді.

Судья А.Ш.Тленов